## "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 97-ө Өкімі.

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген заңдарды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, қорытындыласын және ай сайын, 5-і күнінен кешіктірмей жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

*Премьер-Министр* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2026 жылғы "19" маусымдағы
№ 97-ө өкімімен
бекітілген

## Қабылдануы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с | | Актінің нысаны | Орындалуына жауапты | | Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы |
|---|---|---|---|---|---|

| № | Құқықтық актінің атауы | | мемлекеттік орган | Орындау мерзімі | әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 2. | Жекелеген саяси мемлекеттік лауазымдарға, сайланатын мемлекеттік лауазымдарға және "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 3. | Президенттік жастар кадр резервінің және астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервтерінің кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 4. | Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және астананың, облыстардың, және республикалық маңызы бар | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалалардың кадр комиссиялары туралы | | | | |
| 5. | Мемлекеттік қызметшілердің антын қабылдау қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 6. | "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейлерін өзгертудің кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде 2028 жылғы қазан | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 7. | Мемлекеттік қызметті өткерудің кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 8. | Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 9. | Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 10. | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 11. | Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережені бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| | Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. | уәкілетті органның әдеп жөніндегі комиссиясының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астанада, облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда әдеп жөніндегі кеңестердің ережелерін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 13. | "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | ҚМ | 2026 жылғы шілде | А.Д. Мұстабеков |
| 14. | "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығына | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы тамыз | Д.М. Имашев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | | | | |
| 15. | Мемлекеттік органдар туралы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары | ОМО (келісу бойынша) | 2026 жылғы тамыз | бірінші басшыларының орынбасарлары |
| 16. | Мемлекеттік қызметшілердің орын ауыстырулары кезіндегі төлемдер мен өтемақылар тәртібі туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 17. | Мемлекеттік қызметшілердің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметкерлерінің іссапарға баруының кейбір мәселелері туралы және "Мемлекеттік қызметшілердің, дипломатиялық қызмет персоналының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметкерлерінің іссапарға баруының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 755 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18. | Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 19. | Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2026 жылғы қазан<br>2028 жылғы қазан | А.К. Дарбаев |
| 20. | "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ак мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы<br>29 тамыздағы № 1127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2026 жылғы қазан | А.К. Дарбаев |
| 21. | Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақысын индекстеу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ҰЭМ | 2026 жылғы қазан | А.К. Дарбаев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы қағидаларын бекіту туралы | | | | |
| 22. | Келісімшарттық қызметшілерді тарту қағидаларын, келісімшарттық қызметшілер тартылатын жобалардың түрлерін бекіту, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу шарттары мәселелерін және олардың қызметін реттеудің өзге де мәселелерін айқындау туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 23. | Шетелдік жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына тарту қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 24. | "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына толықтыру енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Д.М. Имашев |
| | Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 25. | жемқорлық құқық бұзушылықтар, оны осындай бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы өтініш бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және өтініштерді уәкілетті органдарға жіберу арқылы шаралар қабылдау туралы қағидаларды бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 26. | Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамдардың мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 27. | Мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 28. | Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтарын | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тестілеу қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы | агенттігі Төрағасының бұйрығы | | | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 29. | "Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы | ҒЖБМ | 2026 жылғы шілде | Г.І. Көбенова |
| 30. | Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің басшы құрамы мен атқарушылық құрамының арақатынасын айқындау | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағидаларын бекіту туралы | | | 2026 жылғы шілде | |
| 31. | "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 32. | "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | ОМО, ЖАО бұйрықтары ( қаулылары) | ОМО (келісу бойынша), ЖАО | 2026 жылғы тамыз | аппарат басшылары ( бірінші басшыларының, әкімдердің орынбасарлары) |
| 33. | "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне қосу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 11-1-2/53 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бұйрығы | СІМ | 2026 жылғы шілде | А.Ғ. Саинов |
| 34. | Мемлекеттік қызметке іріктеудің кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| | "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жататын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын астананың, облыстардың, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35. | республикалық маңызы бар қалалардың атқарушы органдары басшыларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдарына тағайындауды келісу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 36. | "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісімен еңбек шартын жасау, ұзарту және бұзу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 37. | "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей орналасуға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында және жоғары және (немесе) жоғары оқу | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында оқуын бітірген адамдарға оқу нәтижелерінің мәнін белгілеу туралы | | | | |
| 38. | Әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ұ.А.Бекіш |
| 39. | Мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін тексеру үшін тиісті аумақтық сайлау комиссиясына сайланатын мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтары ұсынатын құжаттар тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бірлескен бұйрығы және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулысы | МҚІА (келісу бойынша), ОСК (келісу бойынша ) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр, А. М. Айманакумов |
| 40. | Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға адамдарды қабылдау, олардың еңбек | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметін өткеру қағидаларын бекіту туралы | | | | |
| 41. | Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдарды жұмысқа қабылдау, олардың қызметін ұйымдастыру және жұмыстан шығару қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 42. | Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 43. | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарының нысанын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 44. | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы | ОАМ | 2026 жылғы тамыз | А.С. Жолманов |
| 45. | Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | ОМО, ЖАО бұйрықтары (қаулылары) | ОМО (келісу бойынша), ЖАО | 2026 жылғы тамыз | аппарат басшылары (бірінші басшыларының, әкімдердің орынбасарлары) |
| 46. | Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 47. | Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 48. | Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасын өткізу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 49. | Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері | МҚІА (келісу бойынша) | | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағидаларын бекіту туралы | агенттігі Төрағасының бұйрығы | | 2026 жылғы шілде | |
| 50. | Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың құнын есептеу әдістемесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 51. | Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені және персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) іс-әрекетін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 52. | Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 53. | Мемлекеттік қызметтің кадрлық іс жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 54. | Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің сәйкестендіру карталарының сипаттамасын, оларды беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 55. | Мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімінің нысанын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр | |
| 56. | Мемлекеттік қызметшінің жеке істерін жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр | |
| 57. | Мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр | |
| 58. | Мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекіту туралы | ОМО, ЖАО бұйрықтары ( қаулылары) | ОМО (келісу бойынша), ЖАО | 2026 жылғы тамыз | аппарат басшылары ( бірінші басшыларының, әкімдердің орынбасарлары) | |
| 59. | Бір реттік ақшалай сыйақы түріндегі сыйлықақы беруді, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуды қоспағанда, мемлекеттік қызметшілерге қатысты көтермелеуді қолданудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр | |
| 60. | Мемлекеттік қызметшілерге көтермелеу қолдану | ОМО, ЖАО бұйрықтары ( қаулылары) | ОМО (келісу бойынша), ЖАО | 2026 жылғы шілде | аппарат басшылары ( бірінші басшыларының, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағидаларын күші жойылды деп тану туралы | | | | әкімдердің орынбасарлары) |
| 61. | Тәртіптік жазалармен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын мемлекеттік қызметшілерге қатысты қолдану қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 62. | Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі туралы үлгілік ережені және құқық бұзушылық профилактикасы қызметінің іс-әрекетін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | С.С. Мүксімов |
| 63. | Тексеруді бастау, тексеру мерзімдерін ұзарту және (немесе) тоқтата тұру (қайта бастау), мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдары құрамының өзгергені туралы хабарламалардың, тексеру нәтижелері туралы анықтаманың және тексеру | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынудың нысандарын бекіту туралы | | | | |
| 64. | Мемлекеттік қызметші емес Қазақстан Республикасының азаматтарымен үлгілік еңбек шартын бекіту туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ә.Ғ. Ахмедьяр |
| 65. | "Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | Ұ.А. Бекіш |
| 66. | Мемлекеттік қызметшілердің есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді тұтынуы белгілерін анықтау рәсімдерін жүргізу және олардың нәтижелерін ресімдеу | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі | ДСМ, МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қағидаларын бекіту туралы | Төрағасының бірлескен бұйрығы | | | Т . С . Сұлтанғазиев, С.С. Мұксімов |
| 67. | "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығы | ОАМ, Еңбекмині | 2026 жылғы шілде | М . Т . Мелдебекова, Е.Ж. Тұякбаев |
| 68. | "Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін, сондай-ақ мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымының бірінші басшысын қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік | Еңбекмині | 2026 жылғы шілде | Е.Ж. Тұякбаев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | қорғау министрінің бұйрығы | | | |
| 69. | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін ауыстыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының бұйрығы | МКҚ (келісу бойынша ) | 2026 жылғы шілде | Ш.Л. Жакипов |
| 70. | Мемлекеттік органдардың "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесінің күші жойылды деп тану туралы | ОМО, ЖАО бұйрықтары ( қаулылары) | ОМО (келісу бойынша), ЖАО | 2026 жылғы шілде | аппарат басшылары ( бірінші басшыларының, әкімдердің орынбасарлары) |
| 71. | "Мемлекеттік қызметтен теріс себептермен босатылған адамдарды арнайы есепке алу мәліметтерін жүргізу, пайдалану және сақтау Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 39 | Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығы | БП (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | | | | Ғ.М. Қойгелдиев |
| 72. | "Конкурстық комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын, конкурс кезеңдерін өткізу мерзімдерін, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы бос және уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 256, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 40, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 1009, Қазақстан | Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бірлескен бұйрығы | БП (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша ), ІІМ, ТЖМ | 2026 жылғы шілде | Ғ.М. Қойгелдиев, Ә. А. Сағындықов, А.М. Сайтбеков, К.А. Тұрсынбаев |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 358 және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 485 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | | | | |
| 73. | "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерін ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 49/қбп бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бұйрығы | ҰҚК (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | А.Т. Наймантаев |
| 74. | Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік | Еңбекмині | 2026 жылғы шілде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адамдардың шекті санын бекіту туралы | қорғау министрінің бұйрығы | | | Е.Ж. Тұяқбаев |
| 75. | "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы | ОАМ | 2026 жылғы шілде | М . Т . Мелдебекова |
| 76. | "Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы | ОАМ | 2026 жылғы шілде | М . Т . Мелдебекова |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 77. | Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ОМО бұйрықтары | ОМО (келісу бойынша) | 2026 жылғы тамыз | бірінші басшыларының орынбасарлары |
| 78. | "Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ | 2026 жылғы шілде | А.К. Дарбаев |
| 79. | "Әдеп жөніндегі уәкілдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылы туралы" Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 427 және Қазақстан Республикасын | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының бұйрығы | МҚІА (келісу бойынша) | 2026 жылғы шілде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ың Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 255 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы | | | | С.С. Мүксімов |

Ескерпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ҚМА – Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі;

МКҚ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі;

ОАМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

ОМО – орталық мемлекеттік органдар;

ОСК – Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК